

УДК 341

**ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС КЕЗЕҢІНДЕ АЗАМАТТЫҚ ХАЛЫҚ ПЕН  
АЗАМАТТЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ҚОРҒАУ**

**Айболатова Диана Айболатовна**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті халықаралық құқық мамандығының 2  
курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – доцент Карабаев Ф.Ж.

Қарулы қақтығыстар кезеңінде көбінесе соғыстың қайғы-қасіреті мен ауыр салдарын ешқандай кінәсіз азаматтық халық, соғыс қимылдарына ешқандай қатыспайтын жекелеген азаматтық тұлғалар мен азаматтық объектілер бастан кешеді.

Қарулы қақтығыстар кезінде халықаралық гуманитарлық құқық азаматтық халықтар мен объектілердің кең ауқымын қорғайды. Женева Конвенциялары мен оларға қосымша хаттамалар әскери іс-қимылдарға қатыспайтын жараланғандарды, науқастанғандарды және кеме апатынан зардап шеккендерді, әскери тұтқындарды және күзетпен ұсталатын басқа да адамдарды, сондай-ақ азаматтық адамдар мен азаматтық объектілерді қорғайды. Халықаралық гуманитарлық құқық қағидаларының негізінде қорғауды пайдаланатын азаматтық халықтар мен объектілердің ұғымы жатыр.

Бірінші конвенция, бірінші кезекте, ұрыс алаңында науқастар мен жараланғандардың жағдайына қатысты болды. Оларға көмек көрсететін медициналық қызметкерлерді шабуылдардан қорғауға және науқастарға және жараланғандарға көмек көрсететін бейтарап персонал ретінде құрметтеуге тиіс болды. Женева Конвенциясы Қызыл Крест эмблемасын құрды, оны медициналық қызметкерлерді шабуылдан қорғау және белгілеу үшін қолдануға тура келді. Мемлекет эмблеманы және оны қорғаған адамдарды құрметтеуге міндеттенді.

Эмблема сондай-ақ медициналық объектілерді, мысалы, санитарлық көлік немесе аурухана ғимараттарын, олар әскери мақсатта пайдаланғанға дейін қорғайды. Халықаралық гуманитарлық құқық қарулы қақтығысқа байланысты босқындарды, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды қорғайды.

Қарулы қақтығыстар кезеңіндегі азаматтық халықтармен азаматтық объектілердің құқықтық жағдайы:

- 1907 жылғы құрлық соғысының заңдары мен әдет-ғұрыптары туралы Конвенциямен;
- 1949 жылғы соғыс кезеңіндегі азаматтық халықтарды қорғау туралы IV Женева конвенциясымен;
- 1949 жылғы Женева конвенцияларына 1977 жылғы I және II қосымша хаттамалармен айқындалады.

1977 жылғы I Қосымша хаттаманың 51-бабында "азаматтық халық, сондай-ақ жекелеген азаматтық адамдар шабуыл объектісі болмауы тиіс" деген норма бар. Бұл норманың эволюциясы азаматтық халық арасында құрбандардың өсіп келе жатқан ауқымын айғақтайтын қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардың тарихи тәжірибесіне негізделеді[1]. Егер бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде әскери шығындар 95% - ды құраса, ал азаматтық халық арасындағы шығындар 5% - ды құрады. Екінші дүниежүзілік соғыста әскери шығындар 52% - ға тең, ал азаматтық шығындар 48% - ға дейін өсті.

Халықаралық гуманитарлық құқық тұрғысынан алғанда, азаматтық халық - бұл қарулы қақтығысқа қатысушылардың бірде-бір санатына жатпайтын және тікелей әскери іс-қимылдарға қатыспайтын азаматтық тұлғалар.

Азаматтық халықты құқықтық қорғау халықаралық және халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстарда жүзеге асырылады. Бұл ретте гуманитарлық нормалар нәсілге, ұлтына, дініне немесе саяси наным-сеніміне жататындығы белгілері бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз, қақтығыстағы елдердің барлық тұрғындарына қатысты болады.

Халықаралық гуманитарлық құқық жекелеген азаматтық объектілерді арнайы сақтық шараларын және ерекше қорғауды белгілей отырып, азаматтық объектілерді қорғауды реттейді. Осылайша, I Қосымша хаттаманың 57-бабы соғысушы тараптардан әскери операцияларды жүргізу кезінде азаматтық объектілерді қорғауға үнемі қамқорлық көрсетуді талап етеді.[2]

Халықаралық гуманитарлық құқықтың азаматтық объектілеріне қорғалмаған қалалар, селолар, тұрғын үйлер, ауруханалар, госпитальдар, храмдар, азаматтық халық пайдаланатын құрылыстар мен көлік құралдары, тұрақты санитарлық мекемелер мен жылжымалы санитарлық құрылымдар, тамақ өнімдері, сондай-ақ су көздері (су электр станциялары, бөгеттер, дамбалар және т. б.) жатады.

Әскери объектілер деп "өзінің сипатына, орналасуына, тағайындалуына немесе пайдаланылуына байланысты әскери іс-қимылдарға тиімді үлес қосатын және толық немесе ішінара қирату, басып алу немесе бейтараптандыру секілді айқын әскери артықшылық беретін объектілер" түсініледі.

Соғысушы тараптар азаматтық халықтар мен азаматтық объектілерді кез келген қол сұғушылықтан қорғауды, сондай-ақ олардың жасын ескере отырып немесе кез келген басқа себеппен қажет ететін көмекті қамтамасыз етеді.

"Соғыс кезінде азаматтық халықты қорғау туралы" IV Женева Конвенцияның 16-бабында "Жараланғандар, науқастар, жүкті әйелдер ерекше қолдау мен қамқорлық нысандары болуы тиіс", - делінген.[1]

Азаматтық халықты емдеу мақсатында құрылған азаматтық госпитальдар "ешбір жағдайда да шабуылдар объектісі болмауы тиіс, әрдайым қақтығыстардың қорғалатын тараптары болуы тиіс" (18-бап).[1]

Соғысушы тараптың өз азаматтарынан басқа, денсаулық жағдайынан немесе емдеу қажеттілігінен туындаған уақытша эвакуациялау жағдайларын қоспағанда, балаларды шет мемлекеттің аумағына көшіруге құқығы жоқ.

Азаматтық халыққа қандай да бір мәліметтер алу мақсатында физикалық немесе моральдық ықпал етудің ешқандай шаралары қолданылмауға тиіс.

Соғысушы мемлекеттерге қарулы жанжал барысында азаматтық халыққа дене зардабын келтіруге немесе оның қаза табуына әкелетін қандай да бір шаралар қолдануға тыйым салынады: кісі өлтіру, азаптау, жазалау, жарақат салу және т.б.

Сонымен қатар, келесі іс-әрекеттерге де тыйым салынады: ұжымдық жазалау, соғыс жүргізу әдісі ретінде азаматтық халық арасында аштықты пайдалану, террор, тонау, кепілге алынған адамдарды алу.

Оккупациялаушы державаға азаматтық халықты оккупациялауші державаның немесе кез келген басқа мемлекеттің аумағына көшіруге тыйым салынады. Сондай-ақ басып алынған державаның халқын басып алынған аумаққа көшіруге және онда қандай да болсын қоныстар құруға тыйым салынады.

Женева конвенциясына сәйкес, азаматтық халық шабуылға, сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшырамауға тиіс.

Бұдан басқа, азаматтық халық немесе жекелеген азаматтық адамдар белгілі бір пункттерді, әскери объектілерді немесе соғыс қимылдарының аудандарын шабуылдан жасыру үшін пайдаланбауға тиіс (I Қосымша хаттаманың 51-бабы).[2]

Азаматтық халықты халықаралық-құқықтық қорғаудың негізіне азаматтық тұлғалардың кез келген жағдайда олардың жеке басын, ар-намысын, отбасылық құқықтарын, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге құқығы бар екенін белгілейтін қағида тиесілі. Олармен әрдайым ізгілікті қарым-қатынас жасайды, атап айтқанда, олар кез келген зорлық-зомбылықтан немесе қорқытудан, қорлаудан қорғалатын болады.

Гуманитарлық құқық заң бойынша да, практикада да, халықаралық емес және халықаралық қарулы қақтығыстарда да күштердің кейбір орналасулары кезінде комбатанттар мен азаматтық халықтар арасында айырмашылық жүргізу өте қиын екенін мойындайды. Мысалы, халықаралық қарулы қақтығыстар кезінде азаматтық халықтар халық көтерілістеріне немесе қарсылық қозғалыстарына қатыса алады.[3]

Ішкі қарулы қақтығыстар кезінде комбатанттар мен азаматтық халық арасында айырмашылықтар жүргізу өте қиын. Сондықтан II Қосымша Хаттама комбатантқа да, азаматтық халыққа да нақты анықтама беруге тырыспайды.

IV Қосымша хаттаманың 13-18-баптары азаматтық халықты қорғау және қорғау құралдарын анықтайды.[1]

IV Женева Конвенциясының 14-бабына сәйкес, аштықты азаматтық халық арасында соғыс жүргізу әдісі ретінде пайдалануға тыйым салынады. [1]

IV Женева Конвенциясының 15-бабына сәйкес, қауіпті күштері бар қондырғылар мен құрылыстар, атап айтқанда: бөгеттер, дамбалар, атом және басқа да электр станциялары

азаматтық халық арасында одан кейінгі ауыр шығындарды тудыруы мүмкін болса, шабуыл объектісі болмауға тиіс.[1]

Азаматтық халыққа жататын адамдардың Халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қамтамасыз ететін құқықтардан (ішінара немесе толық) бас тартуға құқығы жоқ.

Азаматтық халықты құрметтеу мен қорғауды қамтамасыз ету үшін соғыстағы тараптар азаматтық халық пен комбатанттар арасындағы айырмашылықты әрдайым жүргізуі тиіс. Соғыс қимылдарының барысында соғысушылар азаматтық халық пен азаматтық объектілерді қорғауға міндетті.

1949 жылғы IV Женева Конвенцияның 18-20-бабына сәйкес, халықаралық гуманитарлық құқықта жараланғандарға, науқастарға, кеме апатынан зардап шеккендерге, мүгедектер мен жүкті әйелдерге көмек көрсету үшін құрылған азаматтық ауруханаларға қол сұғылмайды. Азаматтық ауруханалардың қызметкерлері, олардың әкімшілігін қоса алғанда, сондай-ақ жараланғандарды, науқастарды, кеме апатынан зардап шеккен адамдарды, азаматтық адамдарды, мүгедектерді іздестіруге, таңуға, тасымалдауға және емдеуге арналған адамдар халықаралық гуманитарлық құқықтың қорғауында болады. [1]

Шетелдіктер соғыс қимылдарының басталар уақытында тұрған аумақтан кетуге құқылы. Мұндай адамдардың шығу туралы өтініштерін қарау әдетте белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Егер қандай да бір адамға аумақтан шығуға рұқсат берілмесе, ол шешімді сотқа немесе тиісті әкімшілік органға шағымдана алады.[4]

Халықаралық құқықтың санитарлық немесе демилитаризацияланған аймақтар, қараусыз қалған жерлер, мәдени нысандар, азаматтық қорғаныс объектілері сияқты азаматтық объектілер ерекше қорғауында болады. Санитарлық немесе қарусыздандырылған аймақтар азаматтық нысандардың ерекше түрі болып табылып, нысанаға алынбайды.

Азаматтық халықтың өмір сүруі үшін қажетті азаматтық объектілер ерекше қорғауда болуы тиіс. Бұл азық-түлік аудандарын, егістіктерді, малдарды, ауыз сумен қамтамасыз ететін құрылыстарды өндіретін азық-түлік қоры. Мұндай объектілерге шабуыл жасауға ғана емес, сондай-ақ олардың қиратуға да тыйым салынады. Бұл азаматтық халық пен азаматтық объектілерге үлкен залал келтіруі мүмкін.[5,6]

Басқыншы мемлекет қорғалған адамдарды өзінің қарулы күштерінде қызмет етуге мәжбүр етуге құқылы емес.

Қарулы қақтығыстар кезінде әртүрлі жұмыстарда пайдалану немесе оларды өз ұлттарынан айыру мақсатында балаларды шет мемлекеттерге көшіру орын алады. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мұндай әрекеттерді фашистік оккупациялық билік жасады. Соңғы онжылдықта мұндай тәжірибе одан да үлкен ауқымға ие болды. Балаларды қорғау мақсатында барлық жағдайлар 1 Қосымша хаттамаға енгізілген. Денсаулығына, балаларды емдеуге немесе олардың қауіпсіздігіне байланысты уақытша эвакуациялау жағдайларын қоспағанда, балаларды (өз азаматтарынан басқа) шет мемлекетке көшіру кезінде, олардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының келісімі талап етіледі.[7]

1949 жылғы IV Женевалық конвенция қарулы қақтығыс жағдайында адам мінез-құлқын жаппай және өрескел бұзуды болдырмау мақсатында азаматтық халыққа қатысты басып алушы державаның билік міндеттерінің шеңберін едәуір кеңейтті.

Балалар ерекше қорғауға ие. Он бес жасқа толмағандарды қарулы күштерге шақыруға болмайды және оларға әскери әрекеттерге қатысуға тыйым салынады. Егер осы жаста олар соғыстарға қатысып, қолға түссе, халықаралық гуманитарлық құқық ережелері оларды ерекше қорғаумен қамтамасыз етеді. 15 жасқа толмаған балалардың соғыс қимылдарына тікелей қатыспауы үшін барлық практикалық шаралар қолданылады.

IV Женева Конвенциясының 27 бабында көрсетілгендей, қамқоршылықтағы адамдардың кез келген жағдайда олардың жеке басын, ар-намысын, отбасылық құқықтарын, діни нанымдарын және әдет-ғұрыптарын құрметтеуге құқығы бар екенін белгілейді. Яғни, төмендегідей азаматтық халықтарға қатысты тыйым салынады, атап айтқанда,:

- зорлық-зомбылықтың, қорқытудың немесе қорлаудың кез келген актілерін жасау (27-бап.);

- дене немесе моральдық тәртіпті, атап айтқанда мәліметтер алу мақсатында мәжбүрлеу шараларын қолдану (31-бабы);
- адам жасаған құқық бұзушылық үшін жаза (33-бабы) ;
- ұжымдық жазалар (33-бабы) ;
- қамқоршылықтағы адамдар мен олардың мүлкіне қатысты репрессалиялар (33-бабы);
- кепілдікке алу (34-бабы);
- ешкімді тірі қалдырмау туралы бұйрықтың жариялануы;
- өміріне, денсаулығына, физикалық және психикалық жағдайына қол сұғушылық, азаптау, зақымдау немесе дене жазасының кез келген түрін қолдану;
- терроризм актілерін жасау;
- адамның қадір-қасиетін қорлау, ар-намысты қорлайтын және қорлайтын қарым-қатынас, зорлау, мәжбүрлеп жезөкшелік немесе кез келген түрдегі әдепсіз қастандық;
- барлық түрдегі құлдық пен құл саудасы;
- тонау[1].

1949 жылдан кейін төртінші Женева конвенциясының арқасында азаматтық халыққа іс жүзінде, атап айтқанда, соғысушы тараптың іс-әрекеттерінен қорғау ұсынылады. Біріншіден, азаматтық халық гуманитарлық құқықты жалпы қорғауды пайдаланады. Екіншіден, ерекше жағдайларда (басып алынған аумақтар, интернирлеу, эвакуациялау және т.б.), сондай-ақ халықтың кейбір неғұрлым осал топтары үшін: балалар, жараланғандар және науқастар, қамаудағыларға (I, IV Женева Конвенцияларының 48-56-баптары; II Женева Конвенцияның 13-18-баптары) күшейтілген қорғау ұсынылады.[1,2]

Соғыс жағдайының өсуін болдырмау үшін:

- біріншіден, қақтығысушы тараптар арасындағы қарулы қақтығысқа жол бермеу;
- екіншіден, бейбіт тұрғындар арасында адам жоғалуына жол бермеу мақсатында олар туындаған жағдайда, қарулы қарсылыққа қатысушыларды 1949 жылғы 12 тамыздағы соғыс кезінде азаматтық халықты қорғау туралы IV Женева конвенциясының және 1977 жылғы 8 маусымдағы қосымша хаттамалардың халықаралық қарулы қақтығыстардың құрбандарын қорғауға қатысты (I хаттама) және халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстардың құрбандарын қорғауға қатысты (II хаттама) талаптарын қатаң сақтауға міндеттеу керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. 1949 жылғы соғыс кезеңіндегі азаматтық халықтарды қорғау туралы IV Женева Конвенциясы;
2. 1977 жылғы 1949 жылғы Женева Конвенцияларына Қосымша Хаттамалар;
3. А.Х. Абашидзе, А.М. Солнцев // Международное право – International Law. – 2006;
4. Международное право Бархатова Е.Ю 2004;
5. Буткевич, В.Г. Международное право. Основы теории / В.Г. Буткевич, В.В. Мицик, О.В. Задорожный; под ред. В.Г.Буткевича. - Киев, 2004.;
6. Лукашук «Международное право»;
7. Ханс-Петер Гассер. Международное гуманитарное право.